

## **Павлодар облысы Павлодар қаласының кейбір көшелерін қайта атау туралы**

Павлодар облыстық әкімдігінің 2020 жылғы 20 наурыздағы № 1 және Павлодар облыстық мәслихатының 2020 жылғы 20 наурыздағы № 441/38 бірлескен қаулысы мен шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 31 наурызда № 6779 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11 бабы 4-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып және Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Павлодар облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Павлодар облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Павлодар қаласының келесі көшелері:

"Димитров" көшесін – "Жүсіпбек Аймауытұлы" көшесі;

"1 Май" көшесін – "Мәшһүр Жүсіп" көшесі;

"Карл Маркс" көшесін – "Әлихан Бөкейханұлы" көшесі;

"Киров" көшесін – "Ермұхан Бекмаханұлы" көшесі;

"Короленко" көшесін – "Бұқар жырау" көшесі;

"Ж. Аймауытов" көшесін – "Ақжол" көшесі;

"Володарский" көшесін – "Желтоқсан" көшесі;

"Крупская" көшесін – "Едіге би" көшесі;

"Большая объездная" көшесін – "Жібек жолы" көшесі;

"М. Ж. Көпеев" көшесін – "Ақбеттау" көшесі;

"Чкалов" көшесін – "Сағадат Нұрмағамбетов" көшесі;

"Пахомов" көшесін – "Қабдеш Нұркин" көшесі;

"Бестужев" көшесін – "Шәкәрім Құдайбердіұлы" көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы бірлескен қаулының және шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

*Павлодар облысының әкімі*

*А. Скаков*

*Сессия төрағасы,*

*Павлодар облыстық*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК